

## Аңдатпа

Бұл дипломдық жобаның мақсаты Маңғыстау облысының Ақтау қаласы ауданында геотермалды ЖЭС құрылысының жобасын қарастыру. Бұл дипломдық жобада жұмыс денесін, жылу сұлбасын таңдау негізделіп, жылу сұлбасын есептеу жүргізілді, геотермалды турбина әзірленді, қуаты 8 МВт, 100 – 200°С температураның кең интервалында термалды суды пайдаланатын, төмен қайнайтын қоспалы жұмыс дене - суаммиак қоспасында жұмыс істейді.

Экономикалық бөлімде ЖЭС – тің тиімді жұмыс жасау көрсеткіштері, экономикалық тиімділігі, жалпы отын алмастыруға кеткен шығындар есептелді.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде Еңбек қорғау бойынша ұйымдастыру және техникалық шаралары талданды. Желдету жүйесі есептелді.